

FTAMP 13.91

Б. Кенжебай

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: bellissimo.94@mail.ru)*

Жапондардың дәстүрлі мәдениетіндегі рухани сабақтастық

Аннотация. Мақалада жапон дәстүрлі мәдениеті мен эстетикасының жапондықтар өмірінде алатын орны қарастырылған. Кіріспе бөлімінде автор мәдениет түсінігіне тоқталып, оның анықтамаларына талдау жасайды. Жапон дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуында үш діни-философиялық арна – синтоизм, буддизм мен конфуцийшілдік үлкен роль атқарады. Дәстүрлі эстетикалық ұстанымның фурюу, моно-но аварэ, ваби-саби және югэн түрлері жапон дәстүрлі мәдениетін түсінуге жол ашады. Ханами, цукими, юкими секілді ғажайыпқа сүйсіну мен көркемдік ойлау жүйесінің өзіндік ерекшеліктеріне назар салынған. Жапон түсінігіндегі сұлулық мәні – оның өткіншілігі мен қайталанбауында. Жапондықтардың ойынша, табиғатта көріксіз ештеңе жоқ, бастысы, заттың, құбылыстың сұлулығын көре білуге үйрену қажет. Соның негізінде қалыптасқан дәстүрлі мәдениет түрлері – шай ішу салтанаты, сакураны тамашалау, икэбана және бақша өнерінің мәні, тарихы, даму кезеңдері, негізгі ұстанымдары талдауға алынған.

Түйін сөздер. Жапония, дәстүрлі мәдениет, эстетика, шай салтанаты, ханами, икэбана, бақша өнері.

Кіріспе. Барша адамзатқа тән рухани мәдениет мыңдаған жылдар бойына қалыптасты және әлеуметтік тұрғыдан екі мақсатқа қызмет етті. Біріншісі – жаратылыстың объективті заңдылықтарын айқындау яғни танымдық әрекет; екіншісі – әлеуметтік тұтастықты сақтау яғни жалпы логикалық әрекет. Бұл орайда танымдық әрекетті ғылым атқарса, жалпы логикалық әрекет құқықтық және моральдық мәдениетке, өнерге, дінге тиесілі болды. Осы тұста «мәдениет» терминінің мәніне байланысты аз-кем ой тарқаталық. «Мәдениет» – көптеген мағына білдіретін сөз. Күнделікті өмірде адамның жеке қасиетіне қатысты қолданылып, мәдениеттілік мәнімен ұштаса айтылады. Сонымен қатар, «мәдениет» сөзі нақты тарихи дәуірді (мыс., орта ғасырлар мәдениеті), белгілі бір ұлттық, халықтық (жапон мәдениеті), адам өмірінің яки әрекетінің ерекше салаларын (көркем мәдениет, еңбек мәдениеті т.с.с.) анықтау үшін де пайдаланылады. Ғылымда «мәдениет» ұғымы аясында құндылықтар жүйесін, іс-әрекет тәсілдерін, символдық әрекетті, адамның өзін-өзі жетілдіру жолын, қоғамдық даму үлгілерін т.б. тану түсінігі де қалыптасқан. Мәдениеттің түрлі мағынада қызмет етуінің себебі адам өмірінің шексіздігі мен терендігін қамтуында жатыр [1, 15].

Сонда, мәдениет дегеніміз не? Бұл – еш уақытта үзілді-кесілді айқындап тастауға көнбейтін ұғым. Ғылыми әдебиетте мәдениетке байланысты 500-ге жуық анықтаманың болуы да сол себепті. Әр алуан ой-пікірлерді жинақтай айтқанда, мәдениет – адамның өзін қоршаған ортаға қандай мақсатпен қарауына, оларды бағалауына байланысты айнала дүниедегі құбылыстарды түрлендіре көрсетуге бейім призма. Бұл тұста дүниенің өзі де өзгеріп тұратынын есте ұстау қажет. Мәселен, жапондар өлең құрастыру ойынына сағаттап уақыт арнауға дайын тұрады. Оның сыры – жапон мәдениетінде, жапон менталитетінде эстетиканың айрықша құндылығы және барлық өткінші құбылыстың өзіне тән құндылығы бар. Мұны түсіну үшін әр жапонның бойына сіңген жапондық мәдениеттің ерекше құндылықтарын ажырата білу қажет.

Бұл орайда жапон халқының негізгі діни-рухани таным-түсініктерінің ұлттық бірегей мәдениеттің қалыптасуындағы орны мен маңызын анықтау мақсат етілді. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды – дін мен мәдениеттің бір-біріне әсер ету, өзара кірігу үрдістеріндегі ерекшеліктерді айқындау; жапондардың дәстүрлі мәдениетінде діндердің әсері мен олардың көріністері сақталғанын дәйектеу; жапон эстетикалық категорияларының жалпы жапон мәдениетінің қалыптасуына тигізген ықпалын көрсету. Тақырыпты

зерттеу кезінде ойды дәйекті жеткізу үшін жинақтау, тарихи, философиялық-мәдени анализ, синтез әдістері пайдаланылды.

Жапон эстетикалық категориялары. Жапонияның дәстүрлі мәдениеті өзіне ғана тән ерекшеліктерге ие. Себебі жапон мәдениетінің эстетикалық ұстанымдары Күншығыс Елінің дәстүрлі дүниетанымын айқындауға ықпал еткен үш діни-философиялық арнаның, яғни синто, будда діндері және конфуцийшілдіктің әсерімен қалыптасқан.

Табиғатты құдыретті бастау ретінде танып, айрықша құрметтеу жапондардың алғашқы наным-сенімдерінде қалыптасып, кейіннен ежелгі діні – синто дінінің негізіне айналды. Бағзыдағы синто діні шамандық рәсімдерге ұқсас болды; жапондар аспан дүниесіндегі қозғалысты басқаратын, табиғат құбылыстарына айнала алатын және тау шыңдарында, өзен-көлдерде, қасиетті тоғайларда, тастар мен кәрі ағаштарда мекендейтін құдырет иелеріне табынды.

Ал, Конфуций ілімі дегенде, этикалық ұстанымдарды ғаламдық заңдар қатарына дейін көтеруге жол ашқан ежелгі діни-философиялық ілімді түсінеміз. Конфуций іліміне тән эстетикалық ұстанымдардың жапон өнеріндегі көрінісі аспан дүниесіндегі жарасым заңдарына негізделген.

Жапондардың дәстүрлі эстетикасы синто, будда, конфуцийшіл идеалдарды тоғыстыра келіп, өзіне ғана тән ерекше ұстанымдарды қалыптастырды, өз кезегінде бұл ұстанымдар жапон мәдениетін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ұстанымдардың аса маңыздылары – фурюу, моно-но аварэ, ваби-саби және югэн. Фурюу түсінігі аса биік талғамды, білімділік пен парасатты ақыл-ойды білдіреді. Фурюу ұғымы эстетикалық мәнде, яғни өнер туындыларының кемелдігі мен оларды жасаушылардың рухани дүниесінің нәзіктігін танытатын ұстаным ретінде қолданылады. Әсіресе, бұл түсінік пейзажға, бақша өнеріне, сәулетке, шай ішу салтанатына, гүлдерді безендіруге қатысты жиі ұшырасады.

Моно-но аварэ («загтардың ғажайыбы») – Хэйан кезеңінде басымдық иеленген эстетикалық идеал. Оның негізгі мәні – табиғат пен адам болмысына тән тұңғыық та тұрақсыз сұлулықты сезім арқылы бастан өткеру. «Аварэ» сөзінің мағыналық реңктері материалдық дүниеге баянсыз, құбылмалы және қайғылы бірдеңе ретінде қарайтын буддалық көзқараспен үндеседі. Сонымен қатар аварэ ұстанымы тұрақсыз сұлулықтың барлық кереметін бағалауға қабылетті адам жүрегінің нәзік те талғампаз сезімталдығын білдіреді.

Ваби – күнделікті күйбеңнен ада, тыныш та бейкам өмірден ләззат табудың эстетикалық және моральдық ұстанымы. Қарапайым да таза сұлулық пен жан дүниесіндегі парасатты күйді білдіреді. Шай ішу салтанаты, рэнга және хайку өлеңдері осы ұстанымға негізделген. Камакура (XII-XIV ғ.ғ.) және Муромати (XIV-XVI) кезеңдеріндегі эстетикалық дәстүр ақылмен түсінген кедейшілік пен жалғыздықты материалдық және сезімнен туындаған қиындықтардан арылудың ең маңызды шарты ретінде бағалап, ал көрінетін сұлулықтың болмауын көзге көрінбейтін, тылсым сырлы, сол себепті өте асқақ тұратын сұлулыққа жақындау ретінде қабылдап, ваби ұстанымына жағымды мағына үстеді. Жаңа мағынадағы вабиді шай ішу салтанатының әйгілі шеберлері кеңінен насихаттады. Мысалы, Сэн Рикю байлықты кедейшіліктен, сұлулықты қарапайымнан іздеу қажеттігін атап көрсетіп, өз өнерін дзэнь-буддизмнің жоғары деңгейіне дейін көтеруге ұмтылды.

Саби – жапон эстетикасындағы дзэнь-буддизмнен бастау алатын аса маңызды ұстанымдардың бірі. Әсіресе, ұшы-қиырсыз ғаламның ғарыштық суығындағы әр адамның экзистенциалдық жалғыздығына ден қояды.

Югэн («жалғыздықтағы қайғының сұлулығы») – XII-XV ғасырларда ерекше дамыған эстетикалық идеал. Будда дінінде бұл ұғым ақыл-ой арқылы түсінуге болмайтын тереңде жасырынған ақиқатпен байланысты қолданылады. Ал жапондар югэнге «о дүниелік» тылсым сұлулықты білдіретін, сондай-ақ, түрлі мағынаға, жұмбақ сырға, қайғыға, тыныштық пен шабыттануға толы эстетикалық ұстаным ретінде жаңа мағына жүктеді [2, 47].

Жапон мәдениетінде күнделікті өмірдің мағыналы тұстарын білдіретін және аталған эстетикалық ұстанымдармен ұштаса танылатын «ханами» – гүлдерді тамашалау, «цукими» – айды тамашалау, «юкими» – қарды тамашалау деген эстетикалық ұғымдар бар. Ғажайыпқа сүйсіну дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Жапондар сұлулықты сезінудің өздеріне ғана тән үлгісін ұлттық игілік ретінде таниды. Шынында да, ғажайыпқа сүйсіну – жапондардың ұлттық дәстүрінің ажырамас бөлігі.

Жапондардың ғажайыпқа сүйсінуі мен көркемдік ойлау жүйесіне тән өзіндік ерекшеліктер бар. Олардың негізгілері:

- ойдың астарындағы мағынаны толықтай түсіндірмеуге бейімдік, өмірдің аялсыздығы, Дүниенің айналу үрдісінің шексіздігі;

- толассыз қозғалыстағыны бейнелеу, бір сәттіктен ләззат алу әрекеттерін ғажайыптың идеал көрінісіне балау;

- тиянақсыздық, яғни құбылмалы дүниенің ештеңені терістемей, бәрін өз бойына сіңіруі;

- пайымдаушылық;

- жұмбаққа толы белгілер мен нышандардың бәрінің сырын ашу;

- дүниені танып-білу қажетсіз, бастан өткеру керек;

- шындықты метафора, теңеу, гиперболалар арқылы астарлай көрсету.

Жапондар үшін эстетикалық категория ретіндегі сұлулықтың мәнділігі – өткіншілігінде, қайталанбауында. Жапон түсінігіндегі сұлулық – заттардың жеке өздерінде емес, олардың өзара байланысында, әрекеттесуінде. Олардың түсінігі бойынша, табиғатта көріксіз ештеңе жоқ, тек олардың сұлулығын көре білуге үйрену керек. Сұлулық дегеніміз – жақсылық, ол барлық нәрседе, барлық жерде бар, ал көркем нәрсенің бәрі – жақсылық [3, 51].

Жапон дәстүрлі мәдениеті. Аталған таным-түсінік негізінде пайда болған жапондық дәстүрлі мәдениет көріністерінің бірі – шай ішу салтанаты (тяною). Тяною – шай ішудің белгілі бір рәсімдері міндетті түрде сақталатын аса мағыналы және салтанатты дәстүр. Шай ішу салтанатының шай әзірлеуге арналған ыдыстарынан басқа да міндетті талаптарының бірі – ғимараттың безендірілуі, яғни қабырғада шиыршықталған қағаздың яки гүлдің ілініп тұруы. Жапондардың шай ішу салтанатын толықтыратын шай бақшасы («тянива») шай ғимаратымен біртұтас ансамбль құрайды. Оның құрылымы табиғаттың маусымдық өзгерісіне сай келетін табиғи өмірдің әсерін туғызуы қажет.

Шай ішу салтанатының негізіне төрт ұстаным алынған. Олар: жарасымдылық – адамның табиғатпен бірігуі, дүние құрылымының реттілігі; құрметтеушілік – барлық қатысушылардың теңдігі, бір-біріне құрметпен қарауы; тазалық – ғажайыпқа жақындау арқылы тазару; тыныштық – медитация үшін қажет жағдай. Жапон түсінігі бойынша, осы ұстанымдардың іске асуы салтанатқа қатысушылардың ішкі жарасымға қол жеткізуіне жол ашады. Ал салтанатты рәсімге байланысты мұндай түсінік қалай қалыптасқанын зерделеу үшін шайдың жапон мәдениетіне ену тарихына назар аудару орынды [4, 68].

Жапонияға алғашқы шайды IX ғасырда буддалық бағыттағы Шингон сектасының патриархы Дайши (Кукай) әкеліп, жапон билеушілерінің арасына таратты. XII ғасырға дейін шай император сарайы мен буддалық рәсімдердің шеңберінде ғана шектеліп келді. Император сарайынан қолдау тапқан шай ішу үрдісі біртіндеп жапон қоғамының басқа деңгейлеріне де тез тарап үлгерді. Жапонияда шай ішу дәстүрінің өзіндік ерекшелігін қалыптастыруда Мурата Дзюко, Такено Йоо, Сэн Рикю сияқты тұлғалар шешуші роль атқарды. Муромати (1336-1573) кезеңіндегі мәдениеттің дәуірлеуі тұсында тірлік еткен Мурата Дзюко (1422-1503) негіздеген шай ішу дәстүрі шайды әзірлеу мен пайдаланудың өзін салтанатқа ұластыруға жол ашты. Мурата Дзюко Киото қаласында ең бірінші рет шағын ғана шай үйін салды. Дзюко рәсімі сыртқы көрініске емес, жан дүние мен ақыл-ойға бағыт-

талды. Шайға байланысты тағы бір дәстүр де осы Дзюкодан басталды. Аңыз бойынша, қытай ғұламасы Юан Ву Дзюкоға каллиграфиялық жазуы бар орама (какемоно) береді, өз кезегінде Дзюко оны шай ішетін бөлмеге іліп қояды. Содан бастап Жапониядағы әрбір шай үйінде «токонома» аталатын қуыс жасалып, сол жерге каллиграфиялық жазу немесе сурет салынған орама ілінетін болған.

Мурата Дзюко жолын Сакаи қаласында Такено Йоо (1504-1555) әрі қарай дамытып, шай ішу салтанатын кеңінен таратты. Йоо артық салтанаттылықтан бастартып, шай қажеттіліктерін мейлінше қарапайым жағдайға бейімдеді. Оның аса дарынды шәкірті Сэн Рикю (1522-1591) болды. Дәл осы адам шай ішу салтанатының рәсімдік сипаттарын белгіледі және барынша кемелдендірді, шай ішу салтанатының философиясын өмірлік тәжірибеге жақындатты. Тяноюдың мәніне байланысты Сэн Рикю қалыптастырған ілімде негізгі төрт ұстаным басшылыққа алынды, олар – ва (жарасым), ней (құрмет), сей (тазалық) және яку (тыныштық). Ол тяноюдың жеті ережесін белгіледі. Олар: гүлдерді безендіргенде табиғатты үлгі ету керек; көмірді су болмашы қайнағанға дейін ғана жағу керек; шайды дастарханға қажетті мөлшерде ғана әкелу керек; шай үйі жазда салқын, қыста жылы болуы керек; салтанатты өткізетін уақытты дұрыс таңдау керек; тамаша ауа райының өзінде жауын-шашынға әзір тұру керек; қонақтарға құрмет көрсету керек. Тяноюдың мәні қоғамдағы әр адамның бір-бірімен байланысты екеніне, әр адамның міндеті өзін ойламастан, өзгеге қамқорлық жасау қажеттігіне иландыру.

«Жапонияда қалыптасқан шай ішу мәдениеті қалай көрінеді және олардың мәні неде?» деген сұраққа жауап табу үшін салтанаттың жөн-жоралғысын рет-ретімен таразылап, мәніне үңілу қажет.

Шай ішу салтанаты өтетін павильонмен жалғасып кететін шағын баққа тас жол апарды, бақ ішіне тастан жасалған шамдар орналастырылған, мүк басқан тастар жатады. Ерекше маңызға ие нәрсе – таза су құйылған тас ыдыстар (цукубаи). Ыдыс – құдық ішінде бамбуктан жасалған, ұзын сабы бар шағын ожау болады. Келушілердің бәрі беті-қолын жуып, аузын шаюға тиіс. Содан соң су толы ожауды көтеріп тұрып, оның сабын жууы қажет. Ғибадатханаға және оның аумағына кірер алдында міндетті түрде жоғарыда айтылған рәсім орындалуы шарт. Бақ ішінде қарағай, кипарис, бамбук, мәңгі жасыл бұталар егіледі. Шай ішу салтанатына арналған бақтың әрбір бөлшегі оңашаға бейімделудің айрықша жағдайын туғызуы қажет.

Шай үйі – тясицудің құрылымына ерекше мән беріледі. Бұл – бар-жоғы екі немесе бір жарым татами болатын шағын бөлме, оған ені мен ұзындығы 60 сантиметрдей болатын кішкентай кіреберіс арқылы енеді. Кірер жолды осынша кішірейтудің философиялық идеясы бар, яғни биік өнерге жақындағысы келген әр адам иілуге міндетті, өйткені бұл жерде адамдардың бәрі тең. Кіреберістің тарлығы жауынгер қауымнан шыққан ақсүйектердің ішке қарумен кіруіне мүмкіндік бермейтіндіктен, семсерлерін босаға сыртында қалдыруға тура келетін. Бұл тұста да маңызды мән бар, яғни әр адам күйкі тірліктің бәрінен арылып, ештеңеге алаңдамастан, осы жерде ғажайыпқа ғана көңіл қоюы қажет [5, 97]. Шай үйіндегі ең маңызды орын – токонома қуысы. Әдетте онда каллиграфиялық жазулары бар орама орналастырылып, гүл шоғы қойылады. Токономаға арналған каллиграфиялық орама өте мұқият таңдалады және салтанат кезіндегі әңгіменің міндетті тақырыбы болып есептеледі. Тясицудің жарығына да ерекше мән беріледі. Үйдің жарығы тым күңгірт те, тым жарық та болып кетпеу үшін көлемі мен пішіні әртүрлі 6-8 терезе болады. Қажеттілік туса, рамаларды жылжытып, қонақтардың кешкі аспан аясындағы тауды немесе толған айды, күндіз бақтың бір бөлігін тамашалауына мүмкіндік жасалады. Қонақтар токонома заттарын бағалап болған шамада үй иесі көрінеді. Ол бәріне бас иіп, суы қайнап жатқан шағын қазан ілініп тұрған ошақ – ирориге жақындай отырады. Оның алдында рәсімге қажетті көк шай салынған қобдиша, тостаған, ағаш қасық жатады. Үй иесі тостағанға көк шай сеуіп, қай-

наған су құяды. Сосын бамбук сыпырғыны бір қалыпты қозғап, әлгі қосындының бетінде ақшыл-жасыл көбік пайда болғанша мұқият араластырады.

Қонақтар сыпырғының бір сарынды дыбысына құлақ түре отырып, болып жатқан тылсым әрекетті үнсіз бақылайды. Содан кейін үй иесі ең құрметті қонаққа тостағанды ұсынады. Ол адам аз-аздан жұта отырып, шайды тауысқан соң, тостағанның жиегін би-паздай сүртіп өтеді де, үй иесіне қайтарады. Бәрін айналып өткен соң тостаған үй иесіне оралады, содан кейін әр адам тостағанның кедір-бұдыр сыртын саусақпен сипап, саздың жылуын сезініп, мұқият қарап үлгеру үшін қайтадан қолдан-қолға көшеді. Қонақтар әңгімеге кіріседі. Бұл жерде тек қана токонома орамасының әсемдігі, қарағай бұтақтарының көркемдігі, тостағанның табиғи ғажайыптығы туралы айтылады.

Жапондардың шай ішу салтанаты әдеттегі нәрселерден сұлулық таба білуге қалыптастырады. Бұл рәсімде тәртіп пен қағидалар ұғымы эстетикалық деңгейге көтерілген. Шай ішу салтанатының заңы «Артық нәрсе – сұрықсыз нәрсе» деген түсінікке негізделген. Ойлана назар салсақ, жапондардың философиялық көзқарастары тұтастай мәдениетпен кірігіп жататынын байқаймыз.

Тек жапондарға тән дәстүрлі мәдениет көріністерінің тағы бірі – сакуруны тамашалау (о-ханами) мерекесі. Сакура – Жапонияда ерте көктемде гүлдейтін шиенің бірегей түрі. Ақ, алқызыл, қызғылт, түкті гүлдер жапырақтардан бұрын гүлдейді. Сакуруның гүлдеу уақыты тым қысқа, сәл ғана жел тұрып, жаңбыр жауған сәтте үлбіреген жапырақшалар үзіліп түседі. Буддалық түсінік бойынша, гүлдеген сакура адам баласына өмірдің өткіншілігін ескертеді.

Ежелгі дереккөздерінің жазуынша, о-ханами мерекесінің негізгі бөлігі гүлдеген сакура ағаштары орналасқан жерлерге бару болып есептеледі. Сакуруны тамашалауға бүкіл отбасы болып немесе достар мен қызметтестер үлкен топ болып барады. Мерекенің шырқау шегі – гүлдеген сакура ағашының саясындағы шағын демалыс сәті.

Сакура гүлдейтін уақыт ерте көктем болғандықтан, топырақ жылып үлгермейді. Соның өзінде де жұрт төсеніш төсеп алып, үйдегідей жайғасады да, сауық-думандарын өткізеді. Айналада балалар ойнап жүреді. Сакура саясында көктем мерекесін көңілді өткізу – әркім үшін парыз. О-ханами мерекесіндегі дәмдердің ең сүйіктісі күріштен дайындалатын онигири наны болып саналады.

Мерекенің арғы бастауын ежелгі диқаншылықпен байланыстыратын да түсінік бар. Сакуруның гүлдеуі бір замандарда күріш алқаптарындағы жұмыстың басталар уақытын есептеудің маңызды нышаны саналған. Мерекенің ежелгі ауыл шаруашылығымен байланыстылығын топырақта отыру, топырақ үстінде мерекелеу, өте көп адамның қатысуы, балалардың міндетті түрде болуы, мерекені барынша көңілді өткізу сияқты жәйттер де дәлелдейді. О-ханами дәстүрі император сарайында пайда болған. Кейбір дереккөздерінің көрсе туінше, Танг әулеті билік құрған VII ғасырдан бастау алады. Түп-бастауында қандай жағдай жатса да, бұл мерекенің ерте уақыттан бері жапон мәдениетінің аса маңызды көрінісіне және әр адамның өміріндегі жарқын оқиғаға айналып үлгергені анық. Сакуруның гүлдеуін тамашалаудың астарында жапондардың ғасырлар бойы қалыптасқан төл мәдениетіне, табиғатқа, ел тағдырына деген терең құрмет, тылсым байланыс бар. Бұл мерекенің арғы негізінде жаратылыстың әр құбылысынан тылсым құдыретті көретін жапондардың рухани танымы жатқан сөзсіз [6, 108].

Жапондардың дәстүрлі мәдениетінің тағы бір жарқын үлгісі – икэбана (жап. «икэ» – өмір, «бана» – гүлдер, мағынасы – жанды гүлдер) өнері. Бұл – гүлдерді безендіру өнері, яғни кесіп алынған гүлдерді, жас бұтақтарды арнайы ыдыстарға орналастырып, композиция құралады да, ғимарат ішіне қойылады. Икэбана негізіне материалдың табиғи сұлулығын айқындай көрсету арқылы іске асатын талғампаз қарапайымдылық ұстанымы алынған. Композиция құру кезінде шеберлер икэбанада көрініс тапқан өсімдіктердің табиғи мәнін, олардың жарасымы мен орналасуындағы, яғни композициядағы терең мағынаны танытуға

күш салады. Екі-үш қана бұтақпен шектелетін және ең қарапайым әрі елеусіз өсімдіктерге назар аударатын жапондар мейлінше қатаң пішінді сақтауға ұмтылады. Нағыз икэбана шеберлерінің ұстанымы – бірегейлік нышаны ретіндегі қарапайымдық және тұтастық ретіндегі жекелік. Оларды даралайтын қасиеттер – қысқалық, тереңдік және кемелдік.

Эстетикалық мағына икэбана композициясымен ғана шектелмей, осы өнерге үйрену үрдісін де қамтиды. Жапондарға қас-қағым сәтті бағалай білуді табиғаттың өзі үйреткендіктен, олар үшін маңызды нәрсе – икэбана құрау техникасы емес, рухани дайындық болып табылады. «Жапон аралдарындағы адамдардың өмірі табиғаттың қатал құбылыстарына тікелей қатысты болғандықтан, ежелгі адамдар бойында қорқыныш туғызды. Олар табиғат құбылыстарын құдыретті жаратушылар ретінде таныды. Содан соң, бірнеше дәуірлер өткен кезде, Жапонияда адам баласы табиғатпен жарасымды өмір сүрмесе, табиғат адамды аямайды деген ілім пайда болды» [7, 189].

Жапондар өмірінде ерекше маңыз алатын гүлдер табиғаттың бір бөлшегі саналады және табиғат пен будданың заңымен сабақтасады. Алғашында қарапайым гүл шоғы ретінде дайындалған гүлдер адамның табиғатпен бірігуінің символы ретінде шай ішу салтанатының міндетті бөлшегі болды. Ал пайымдау мен медитация үшін қызмет ететін гүлдер композициясының белгілі бір қағидалары біртіндеп қалыптасты. Ақыр-соңында икэбана өзіндік эстетикасы, символикасы, әдіс-тәсілдері бар қолданбалы өнердің жеке бір саласына айналды. Дегенмен икэбана өнері діни-философиялық мәнінен үзілді-кесілді ажырап кеткен жоқ. Әр композицияның құрылымы қатаң сақталды және негізгі үш элементтің болуы талап етілді, олар – табиғат пен ғарышты астарлайтын Аспан, осы өмірді бейнелейтін Жер және Адамның өзі. Бұтақ немесе гүл ғаламның бар екендігі жайында, табиғат және оның адаммен тұтастығы жайында ойлану, пайымдау, ден қою нысаны ретінде өзіндік мағына иеленеді. Композицияның ортасына тікелей орналасатын ең ұзын сабақша – аспан, ең қысқасы немесе төменде жатқаны – жер, ал бір жағына қарай бұрыла орналасатын ортаңғысы – адам болып бейнеленеді. Қураған немесе әлі бүршік жарып үлгермеген қауыздар бен жапырақтардың түсін таңдауда күрделі символдық мән бар және бұл тұста әйгілі шеберлер негіздеген көптеген қағидалар сақталады. Әрбір бөлшектің аса күрделі және астарлы мағынасын ескере отырып, олардың бәрін үндестіру шеберлігі ұзаққа созылатын әрі шыдам мен жігерді қажет ететін оқып-үйрену нәтижесінде ғана қалыптасады.

Икэбана пайда болғалы көптеген өзгеріске түсті. Себебі композицияны талдап-тануда түрлі мағыналылықтың болуы гүлдерді безендірудің әртүрлі мектептері мен стильдерін туындатты. Бұл өнердегі классикалық стиль – «рикка» аталатын, ғибадатханаларда аса ауқымды гүл шоқтарын безендіру үлгісі. Біртіндеп бұл бағыт тұрғын жайларда эстетикалық ләззат алу үшін қойылатын жеке стильдерге дейін дамыды. Қарапайымдылыққа бетбұрыстың басталуы икэбананың «нагаирэ» (шай ішу салтанатына арналған гүл шоқтары) және «сэйка» аталатын жаңа стильдерін туғызды. Біртіндеп икэбана өнері этикалық мән иеленді. Ақырында икэбана жапондардың ұлттық қасиетін қалыптастыруда рухани және эстетикалық маңыз иеленген өнерге айналды.

Икэбананың мәні – табиғаттан өзінің шынайы болмысыңды тану. Бұл – жапондардың ұлттық психологиясына тән дүниені символдық мәнде қабылдау үлгісі. Икэбанада көне заттар жоғары бағаланады. Бұл түсініктің негізінде де жапондардың рухани-эстетикалық санасына тән қасиет, яғни өзін бұрынғы адамдармен байланыстыру әрекеті жатыр. Сайып келгенде, икэбана өнері өзіндік мән-мағынасын сақтай отырып, нәзіктікті, жарасымды, көркемдікті және адам жанының абзал қасиеттеріне бағдар ұстанған сезімтал дүниетанымды ұлықтап келеді.

Жоғарыда әңгімеленген шай ішу салтанаты, сакуруны тамашалау, икэбана өнері сияқты жапондық дәстүрлі мәдениетке тән және жапондардың рухани таным-талғамымен байланысып жатқан үлгілердің бірі – бакша өнері. «Жапониядағы бакша өнері әртүрлі діни-философиялық ағымдардың әсерімен қалыптасқанымен, бәрінің өзара ұштасар тұстары көп. Әсіресе синто және будда (нақтылай айтқанда, – дзэн-буддизм) діндері терең із қал-

дырған [8, 76]. Бұлардың бәріне ортақ сипат – табиғатты құдырет иесі ретінде қабылдау түсінігі. Соның нәтижесінде Жапонияда ғажайыптың асқақ өлшемі ретінде табиғатқа тәу ететін рухани сенімге негізделген дәстүрлі мәдениет пайда болды.

Жапон бақшасы туралы алғашқы дерек б.д. 74 жылына тиесілі. Әдеби дереккөздерінің жеткізуінше, алғашқы бақшалардағы сулы жылғалар тоғанды айнала ағып жататын болған. Бақша өсімдіктері алуан түрлілігімен тамсандырған. Оның сыры – жапондардың табиғатпен үндесе өмір сүруге ұмтылатынында. Әуелде бақша ақсүйектер үйінің құрамдас бөлігі болған, дегенмен біртіндеп будда тақуажайлары мен танымал самурайлар өміріне де еніп үлгерген. XIX ғасырдан бастап қарапайым жұрт арасына да кең тарап, көптеген меншік үйлердің ажырамас бөлігіне айналған.

Жапон бақшасының даралығын толық түсініп, өзіне ғана тән кереметін сезіну үшін оның философиялық негізін саналы түрде түсіну қажет. Жапондардың рухани дәстүрінен бейхабар немесе үстірт қана хабардар адам бақша жасаудың барлық даналығына дендей алмайды, өйткені оның сыры да, жапон мәдениетінің өзге үлгілері сияқты, сыртқы көрінісінде жатқан жоқ. «Жапондардың дүниетанымы бойынша, нағыз суреткер өз туындысында ақиқатты ұсынуы шарт. Ал ақиқат табиғатта да, адам жүрегінде де, қысқасы, бардың бәрінде жатады. Сол ақиқатты көрсету үшін суреткер табиғатпен кірігіп кетуі қажет. Нағыз суреткер табиғатты бақша кейпінде бейнелеген кезде жалаң көшірме жасамайды, өзінің табиғатты қалай көретінін, өз жанының ақиқат болмысын бейнелейді. Өзіне тән жаны бар әрбір тас бақшаны жасаған адамның да жан дүниесінің бір бөлігін иеленеді [9, 281].

Жапон бақшасы табиғат сұлулығы мен барша дүниенің жарасымына сүйсінуге ғана қызмет етпейді. Сырттай тамашалай тұрып, адам өзінің ортақ жолға қатысы барын түйсінуі керек, өзін Ғаламның бөлшегі ретінде сезінуі қажет. Айналадағы жарасымды көре тұрып, ол жан дүние тыныштығына, өзін өзі тануға қол жеткізуге тиіс. Құм, су, тастарды, ұзақ уақыт тамашалағаннан кейін сана, дұрысында, сезім, түйсік оянуы қажет. Жапон бақшасы адамға қалыпты түсініктерден, логикалық ойлау арқылы қабылданатындардың бәрінен арылуға көмектесуге тиіс. Бақшаны тамашалау ой-сананы емес, жан дүниені оятады, ойлаудың жаңа деңгейіне көтерілуге ықпал етеді.

Өз туындысын табиғи материалдан жасай отырып, суреткер оның өз қалпын сақтауға, сол арқылы материалдың өз бойындағы сұлулықты айқындауға ұмтылады. Ол материалға өз ниетін үстемейді және көрушіге өзінің сұлулық туралы түсінігін сіңіруді көздемейді. Бақша жасаушыға да осы талаптар жүктеледі, яғни ол тастардың, құмның, судың, мүктің, өсімдіктердің өз бойындағы көркемдігін мейлінше толық айқындауға тиіс. Суреткер бақшадағы өсімдіктер мен заттарды пайдалана отырып, өзі үшін жанды да қозғалыстағы дүние болып табылатын жарасымды ұсынуды мақсат етеді. Бақшадағы заттар еш уақытта бірдей көлемде және бірдей пішінде болмауы шарт, ал сол заттарды байланыстыратын және табиғи алғашқы жарасымды бүлдіріп алмау үшін пайдаланылатын қиялдағы сызықтар параллель немесе бірдей ұзындықта болмауы қажет.

Тас пен құмнан жасалған философиялық бақшада юген ұғымына тән саналы ишара ерекше байқалады. Ең әйгілі осындай бақшаны шай ішу салтанатының шебері Соами XVI ғасырда Киотодағы Рандзи тақуажайында жасады. Ондағы тас «аралдар» композициясы ерекше құрылған, яғни адам қай тұстан қараса да, бәрін бірге көре алмайды, қандай жағдайда да бір тас кемдік етіп тұрады. Киото дәстүрі бойынша қалыптасқан бақшалардың үш типі бар. Олар: «Ке» – үйдің ішкі қажеттіліктеріне арналған; «Харе» – ресми дәстүрлі салтанаттарға қызмет етеді; ал «Суки» бақшалары тек қана эстетикалық маңыз иеленеді. Аталған бақша түрлерінің бір бақшада ұштасып жатуы жиі ұшырасады. Тас бақшаларының философиялық мәнін толықтай ашып түсіндіру мүмкін емес. Асимметриялық үйлесім мәңгілік өзгерістегі дүниенің шексіздігін танытады. Бақшаны жасау кезінде автордың ой-санасын билеген көңіл күйді бақшаны тамашалаушы адамның да бастан кешіруіне түрткі болатын ишаралау шығармашылық тәсіл болып табылады. Жапон бақшасы сән-салтанатқа

құрылмайды, оның құрамындағының бәрінен дегдар ұстамдылық, терең мағыналы ишара сезіледі. Тамашалаушы адам бақшадағы әрбір заттың, әртүрлі мағына ұсынатын жекелеген бөлшектердің ішкі көркемдігін көре білуі, ақыр-соңында тұтастай бақшаның құрылымындағы өзіндік жарасымды сезіне білуі шарт. Қай уақыттан бері бақшаның ортасында үлкен тоған орналасады және ол сумен қамтамасыз ету қызметін де атқарады. Бақшаларда ерте көктейтін өсімдіктер жоғары бағаланып, қылқан жапырақты және мәңгі жасыл өсімдіктерге баса назар аударылады. Күзгі мезгіл үшін хризантемалар кеңінен пайдаланылады.

Жапон бақшаларының негізгі идеялары: кішірейте көрсету және символизм, басты қасиеттері – табиғи дәлдік пен көркемдік. Негізгі материалдар: су, тас, өсімдіктер. Табиғаттың қуатты күшін меңзейтін тас пен су қазіргі уақыттың өзінде де символдық мәнінен қол үзбей келеді. Композияға жинақталатын жекелеген тастар (исигуми) бақшаның «сүйегі» болып саналады. Бақшадағы тастар барлық уақытта ерекше талаптар бойынша орналастырылады, оларды түріне, түсіне, көлеміне қарай іріктеп алады.

Жапон бақшасында символдық мағынаға айрықша мән беріледі. Мәселен, тоғандардағы аралдар тасбақа, тырна мәнінде бейнеленеді. Мүктер бақшасы, тастар бақшасы, шай ішу салтанатына арналған бақшалар бар. Тастарды, мүсіндерді ескілікті дүние іспетті дайындау, кішкентай көлемдегі өсімдіктер өсіру сияқты өнер түрлері дәл осы Жапонияда пайда болған.

Қорытынды. Жапон жаратылысына тән қасиеттердің қалыптасуында олардың тарихи өмірінде орын алған рухани және мәдени құбылыстар айрықша мәнге ие. Осы орайда бағзыдағы наным-сенімдері, соның негізінде қалыптасқан ұлттық синто діні және құрлықтағы елдерден келген буддизм, Конфуций ілімі маңызды орын алады. Мұнда назар аударатын ең басты мәселе – негізгі діндер мен ұлттық мәдениеттің өзара ұштаса дамуы жапон халқының кешегі-бүгінгі тарихында жарқын із қалдырып отырғаны және жапондардың біртұтас ұлт ретінде қалыптасуына зор ықпал еткендігі. Қазіргі жапон қоғамын заманауилық пен дәстүрлілік үйлесім тапқан қоғам ретінде танимыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Главева Д.Г. Традиционная японская культура: Специфика мировосприятия. – М.: Вост. лит. РАН, 2003. -262 с.
- 2 Бродский В. Искусство Японии VI-XVI вв. // Всеобщая история искусства. – М.: Искусство, 1964. -218 с.
- 3 Иофан Н.А. Культура древней Японии. – М.: Наука, 2010. -261 с.
- 4 Мараияк Ф. Япония. Образы и традиции. – М.: Наука, 1980, -361 с.
- 5 Арутюнов С.А. Япония: народ и культура. – М.: Знание, 1991. -329 с.
- 6 Овчинников Е. Ветка сакуры. – М.: Молодая гвардия, 1971. -247 с.
- 7 Пронников В.А., Ладанов И.Д. Японцы. – М.: Наука, 1985. -312 с.
- 8 Николаева Н.С. Японские сады. – М.: Восточная литература, 1975. -197 с.
- 9 Самозванцев А.М. Мифология Востока. – М.: Алетея, 2000. -348 с.

Б. Кенжебай

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Духовная преемственность в японской традиционной культуре

Аннотация. В данной статье рассматриваются роль традиционной японской культуры и эстетики в жизни японцев. В вводной части автор останавливается в значении слова «культура», делает анализ определения данного термина. В возникновении японской традиционной культуры играют большую роль три религиозно-философских течений – синтоизм, буддизм и конфуцианство. Эстетические понятия как фурию, моно-но аварэ, ваби-саби и югэн дают возможность глубже понять японскую культуру. Особое внимание